ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ

SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY
АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

БЕКІТЕМІН
«ОҚМА» АҚ ректоры
М.Рысбеков
2022 ж.

PhD ДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ
ҚЕ 044/469 - 2022

Күні	Көшірме	Басылым
		Бірінші

Шымкент

1. Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы **ӘЗІРЛЕДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗДІ,**
«4» 05 2022 ж. №10 хаттамасы.

2. «ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңесімен **КЕЛІСІЛДІ,**
«21» 06 2022 ж. № 6 хаттамасы.

Кезендік тексеру мерзімі – 3 жыл

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР 4
2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР 4
3. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР 4
4. ДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТАЛАПТАРЫ 4
5. ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУШІ ТҰЛҒАЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІУ 6
6. АЛДЫН АЛА ІРІКТЕУДІ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ 8
7 . ТҮСУ ЕМТИХАНДАРЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ 8
8 . ДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ 10

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1 Осы Ереже «ОҚМА» АҚ phD докторантурасына оқуға қабылдау тәртібін анықтайды. (толықтыру керек)

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрық;
- «Білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрық;
- ҚР қолданыстағы заңнамасымен және «Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы» АҚ өзге ішкі нормативтік құжаттармен.

3. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

«ОҚМА» АҚ - «Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы» акционерлік қоғамы

ҒКЖДжМБ – Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы,

ЖЖОКБҰ – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы

4. ДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТАЛАПТАРЫ

4.1 Талаптар «ОҚМА» АҚ докторантурасына тұлғаларды қабылдау тәртібін анықтайды.

4.2 «ОҚМА» АҚ докторантурасына түсуші адамдарды қабылдау ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша кадрлар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ азаматтардың қаражаты және өзге де көздер есебінен конкурстық негізде оқуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады. Оқу құны «ОҚМА» АҚ дербес анықталады.

4.3 «ОҚМА» АҚ докторантурада оқуға қабылдауды білім беру қызметін жүргізуге тиісті лицензиялары болған жағдайда ғана жүзеге асырады.

4.4 Бюджет қаражаты есебінен оқыту үшін «ОҚМА» АҚ докторантурасына қабылданатын азаматтардың саны жыл сайын конкурстық негізде орналастырылатын мемлекеттік білім беру тапсырысы шегінде айқындалады.

4.5 Мемлекет Қазақстан Республикасының азаматтарына, егер олар осы деңгейде бірінші рет білім алса, мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу құқығын береді.

4.6 Шетелдіктерді докторантурада оқыту ақылы негізде жүзеге асырылады. Оқу құны «ОҚМА» АҚ дербес анықталады. Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу құқығы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

4.7 «ОҚМА» АҚ Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес заңды және (немесе) жеке тұлғалардың қаражаты есебінен оқу құнын төлей отырып, шарттар негізінде оқыту үшін орталық уәкілетті орган белгілеген мемлекеттік білім беру тапсырысынан тыс азаматтарды қабылдауды жүзеге асыруға құқылы.

4.8 Құжаттарды қабылдау және алдын ала іріктеу мен түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыру үшін «ОҚМА» АҚ Қабылдау комиссиясы, алдын ала іріктеу емтихандық комиссиясы, түсу емтихандық комиссиясы және апелляциялық комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының төрағасы – «ОҚМА» АҚ ректоры. Қабылдау комиссиясының, емтихан комиссияларының және аппеляциялық комиссияның құрамы «ОҚМА» АҚ ректорының бұйрығымен бекітіледі.

4.9 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша, оның ішінде нысаналы даярлық шеңберінде оқуға үміткер адамдардың өтініштерін қабылдау «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрыққа сәйкес жүргізіледі.

4.10 Докторантураға қабылдау екі кезеңде жүргізіледі: алдын ала іріктеу, түсу емтихандары.

4.11 Докторантураға түсушілерді алдын ала іріктеу түсу емтихандары басталғанға дейін күнтізбелік жылдың 1 ақпанынан 31 мамырына дейін жүргізіледі. "ОҚМА" АҚ докторантураға түсушілердің өтініштерін қабылдау күнтізбелік жылдың 3 шілдесінен 3 тамызына дейін жүргізіледі.

4.12 Докторантурада оқуға алдын ала іріктеу тәртібін «ОҚМА» АҚ дербес анықтайды.

4.13 Докторантурада оқуға алдын ала іріктеу нәтижелері түсу емтихандарына «жіберу» немесе «жібермеу» болып табылады.

4.14 Алдын ала іріктеуге қатысатын тұлғалар Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасына келесі құжаттарды тапсырады:

1) «ОҚМА» АҚ ректорының атына өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) резидентураны немесе магистратураны аяқтағаны туралы құжаттың көшірмесі (резидентурада немесе магистратурада оқуды аяқтағандар үшін);

4) резидентурада немесе магистратурада оқығаны туралы анықтама (резидентурада немесе магистратурада оқитындар үшін);

5) кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы немесе жұмыс орны бойынша кадр қызметі растаған еңбек қызметін растайтын өзге де құжат;

6) еркін нысандағы уәждемелік хат;

7) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (бар болса);

8) жоспарланған ғылыми зерттеуге аннотация;

7) шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат (бар болса; егер жоқ болса, онда оқуға құжаттарды қабылдаудың екінші кезеңіне ұсыну қажет).

4.15 Үміткер уәждемелік хатты еркін нысанда қазақ немесе орыс тілдерінде (А4 форматындағы 2 беттен аспайтын көлемде) дербес жасайды.

4.16 Құжаттар тізбесі толық ұсынылмаған жағдайда үміткердің өтініші қаралмайды.

Ескертпе: докторантураға «магистр» дәрежесі және кемінде 9 (тоғыз) ай жұмыс өтілі бар немесе медициналық мамандықтар бойынша резидентурада оқуын аяқтаған тұлғалар қабылданады.

4.17 PhD докторантурада кадрлар даярлау магистратураның және резидентураның білім беру бағдарламалары базасында жүзеге асырылады. Бұл ретте докторантураның білім беру бағдарламасының бейіні магистратура бағдарламасымен сәйкес келген жағдайда, алдыңғы білім беру деңгейінің Оқыту нәтижелері автоматты түрде танылады; докторантураның білім беру бағдарламасының бейіні магистратура бағдарламасымен сәйкес келмеген жағдайда докторантқа игеру үшін Пререквизиттер белгіленеді. Қажетті пререквизиттер тізбесін және оларды игеру мерзімдерін «ОҚМА» АҚ дербес айқындайды. Пререквизиттер ақылы негізде меңгеріледі.

4.18 Бейінді бағыттағы магистр PhD докторантураға түскен кезде оған Пререквизиттер ретінде ғылыми-педагогикалық магистратураның педагогикалық бейінінің жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасы қосымша белгіленеді.

5. ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУШІ ТҰЛҒАЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

5.1 Докторантураға «магистр» дәрежесі және кемінде 9 ай жұмыс өтілі бар немесе медициналық мамандықтар бойынша резидентурада оқуын аяқтаған тұлғалар қабылданады.

5.2 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алу үшін докторантураға азаматтарды қабылдау түсу емтихандарының нәтижелері

бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады. Азаматтардың қаражаты және өзге де көздер есебінен оқу үшін докторантураға азаматтарды қабылдау түсу емтихандарының нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

5.3 Докторантураға түсуші тұлғалар «ОҚМА» АҚ-ға келесі құжаттарды тапсырады:

1) ЖЖОКБҰ басшысының атына еркін нысандағы өтініш;

2) білім туралы құжат (құжаттарды қабылдау комиссиясына тапсырған кезде түпнұсқасы);

3) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);

4) шетел тілі бойынша тест тапсырғаны туралы сертификат: ағылшын тілі:

- IELTS Academic (International English Language Testing System Academic), шекті балл кемінде – 5,5;
- TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test), шекті балл кемінде – 46;
- TOEFL PBT (Test of English as a Foreign Language Paper-based test), шекті балл кемінде – 453;
- TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm), шекті балл – кемінде 460;
- неміс тілі: Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (DSH, NiveauB2/B2 деңгейі), TestDaF-Prufung (Niveau B2/B2 деңгейі);
- француз тілі: TFI (Test de Franзais International™) – оқу және тыңдау секциялары бойынша B2 деңгейінен төмен емес), DELF (Diplome d'Etudes en Langue franзaise) – B2 деңгейі, DALF (Diplome Approfondi de Langue franзaise) – B2 деңгейі, TCF (Test de connaissance du franзais), шекті балл кемінде – 50;

5) №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама.

Белгілі бір аумақта шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынады.

6) 3х4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;

7) жұмыс орны бойынша кадр қызметімен расталған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы немесе еңбек қызметін растайтын өзге құжат;

8) соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (ғылыми жарияланымдар, зерттеулер жүргізу жоспары, эссе және басқа құжаттар);

9) алдын ала іріктеу нәтижелері.

Осы тармақтың 4 және 7 тармақшаларда көрсетілген құжаттар көшірмелерімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалары көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

Осы тармақта көрсетілген құжаттар тізбесін толық ұсынбаған жағдайда қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

6. АЛДЫН АЛА ІРІКТЕУДІ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

6.1 Докторантураға түсушілерді алдын ала іріктеу (бұдан әрі-алдын ала іріктеу) үміткерлердің оқуға дайындығын анықтау үшін жүргізіледі және докторантураға қабылдаудың бірінші кезеңі болып табылады.

6.2 Алдын ала іріктеу түсу емтихандары басталғанға дейін күнтізбелік жылдың 1 ақпаны мен 31 мамыры аралығында Үлгілік қағидалармен бекітілген мерзімдерге сәйкес «ОҚМА» АҚ өткізіледі. Алдын ала іріктеу кезеңінде докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсетін тұлғалардың құжаттарын қабылдау және зерделеу жүргізіледі.

6.3 "ОҚМА" АҚ "сайтында (https://skma.edu.kz/) «Докторантқа, магистрантқа, резидентке» бөлімінде үміткерлерге оқуға қабылдау ережелері және алдын ала іріктеу жүргізу тәртібі туралы ақпарат беріледі.

6.4 Алдын ала іріктеу қорытындысын шығару

6.4.1 Алдын ала іріктеу нәтижелері түсу емтихандарына «жіберу» немесе «жібермеу» болып табылады.

6.4.2 Докторантураға оқуға қабылдаудың екінші кезеңіне жіберу туралы шешім үміткердің құжаттарын қарау және әңгімелесу өткізу қорытындылары бойынша қабылданады.

6.4.3 Алдын ала іріктеудің қорытындылары шешімнің хаттамасына енгізіледі, сондай-ақ комиссия отырысы өтетін күні үміткерге тапсыру үшін хаттамадан үзінді көшірме түрінде ресімделеді.

7. ТҮСУ ЕМТИХАНДАРЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

7.1 Оқуға түсу емтихандарына жіберу үшін үміткерлер «ОҚМА» АҚ ректорының атына өтініш жазады.

7.2 Докторантураға түсу емтихандарын өткізу кезеңінде – «ОҚМА» АҚ-да білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиялары құрылады. Кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша бір емтихан комиссиясын құруға жол беріледі. Емтихан комиссиясының құрамы төрағаларын көрсете отырып, «ОҚМА» АҚ ректорының бұйрығымен бекітіледі.

7.3 Емтихан комиссиялары тиісті бейін бойынша ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар «ОҚМА» АҚ профессорлық - оқытушылық құрамынан, "ОҚМА" АҚ қызметкерлерінен құрылады.

7.4 Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

7.5 Докторантураға түсу емтихандары 4-20 тамыз аралығында өткізіледі.

7.6 Қабылдау емтихандарының кестесі «ОҚМА» АҚ сайтында орналастырылады.

7.7 «ОҚМА» АҚ емтихандарды өткізуге жиырма күнтізбелік күн қалғанда ҚР БҒМ-не докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтихандарын өткізу кестесін жолдайды.

7.8 Қабылдау емтихандары ауызша түрде өткізіледі. Үміткерлерге дайындыққа уақыт беріледі, оның барысында олар қағазға жауап бере алады. Үміткерлердің жауаптары мөрмен мөрленеді.

7.9 Емтихандарды өткізу үшін шығарушы кафедра пән/білім беру бағдарламасы бойынша түсу емтиханының бағдарламасын әзірлейді және оны ғылыми және клиникалық қызмет жөніндегі проректор бекітеді.

7.10 Емтиханды ауызша түрде өткізу кезінде емтихан билеттері кемінде төрт сұрақтан құралады. Түсу емтихандарының нәтижелері бойынша Әрбір емтихан алушыға емтихан комиссиясы отырысының хаттамасы және емтихан алушының бағалау парағы толтырылады. Әр сұрақ үшін баға қойылады. Қорытынды баға бағалау парағында белгі соғылып, барлық сұрақтар үшін барлық бағалаулар бойынша орташа балды есептеу жолымен қойылады.

7.11 Бағаларды қою «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 30.10.2018 жылғы №595 бұйрығына сәйкес Білімді бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі бойынша жүргізіледі.

7.12 Оқуға түсу емтихандарының нәтижелерімен келіспеген тұлғалардың өтініштерін қарау үшін "ОҚМА" АҚ-да апелляциялық комиссия құрылады. "ОҚМА" АҚ апелляциялық комиссияларының төрағалары мен құрамы қабылдау комиссиясы төрағасының бұйрығымен бекітіледі. Апелляциялық комиссия докторантураға түсетін тұлғалардан емтихан материалдарының мазмұны және техникалық себептер бойынша өтініштерді қабылдайды және қарайды. Апелляциялық комиссия докторантураның білім беру бағдарламасының тобы бойынша түсу емтиханының нәтижелерін апелляцияға берген тұлғаның өтініші бойынша шешім қабылдайды.

7.13 Докторантураға түсетін тұлғалардан апелляцияға берілетін өтініш апелляциялық комиссия төрағасының атына түсушілердің жеке өзіне беріледі. Өтініштер докторантураға түсу емтиханының нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және "ОҚМА" АҚ апелляциялық комиссиясы өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде қарайды. Апелляциялық комиссия әрбір тұлғамен жеке тәртіппен жұмыс істейді. Адам апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды. Апелляциялық комиссия өтінішті қараған кезде апелляцияға берген тұлға жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады.

7.14 Апелляциялық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының даусы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және Комиссияның барлық мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді.

8. ДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ

8.1 Докторантураға қабылдау ректордың «ОҚМА» АҚ бұйрығымен жүзеге асырылады.

8.2 Тұлғаларды докторантураға ақылы негізде қабылдау шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат негізінде және докторантураның білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша түсу емтиханының қорытындысы бойынша ықтимал 100 балдан кемінде 75 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша докторантурада оқуға түсу емтиханы бойынша кемінде 75 балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады.

8.3 Конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, докторантураға қабылдау кезінде басым құқық білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша түсу емтиханында ең жоғары баға алған тұлғаға беріледі. Содан соң білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес ғылыми жетістіктері: ғылыми жарияланымдар, оның ішінде Clarivate Analytics компаниясының Web of science деректер базасының Journal Citation Reports деректері бойынша соңғы күнтізбелік 3 жылдағы 1, 2 квартильге кіретін рейтингтік ғылыми басылымдардағы жарияланымдар; ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендияларды, гранттарды тағайындау туралы сертификаттар; ғылыми конференцияларға және конкурстарға қатысқаны үшін берілген грамоталар/дипломдар ескеріледі.

8.4 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша игерілмеген орындар докторантураға күнтізбелік жылдың 5 қыркүйегіне дейін докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бөлінісінде ЖЖОКБҰ арасында одан әрі қайта бөлу үшін өтінім түрінде уәкілетті органдарға қайтарылады.

8.5 Мемлекеттік грант негізінде оқуға түсетін Қазақстан Республикасының азаматтары "маманды жұмысқа жіберу, өз бетінше жұмысқа орналасу құқығын беру, азаматтардың жұмысты өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе міндетін тоқтату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 390 қаулысымен белгіленген тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл жұмысты өтеу туралы шарт жасасады. мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алғандарға, беру грантын беру ережесін бекіту туралы Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдайды.

8.6 Құжаттарды қабылдау, түсу емтихандары және оқуға қабылдау Үлгілік қағидаларда көрсетілген уақыт кезеңінде жүргізіледі.

Әзірлеген:

Лауазымы	Т.А.Ә.	Күні	Қолы
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасының басшысы	Жаксылык А.А.	29.04.2022	

Тексерген:

Лауазымы	Т.А.Ә.	Күні	Қолы
Мониторинг және сапа менеджменті жүйесі секторының меңгерушісі	Ержанов Н.А.	29.04.2022	

Келісілді:

Лауазымы	Т.А.Ә.	Күні	Қолы
Бірінші проректор	Есиркепов М.М.	3.05.2022	
Оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстар жөніндегі проректор	Анартаева М.У.	3.05.2022	
Ғылыми-клиникалық жұмыстар жөніндегі проректор	Нурмашев Б.К.	3.05.2022	
Қаржы және шаруашылық қызмет жөніндегі проректор	Сейтжанова Ж.С.	3.05.2022	
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	Кабиштаев О.А.	3.05.2022	
Бас бухгалтер	Баймбетова Д.А.	3.05.2022	